

Занимая высшую должность в новой административной структуре в Младшем жузе, Баймухамед Айшуаков несколько иначе понимая свою роль в сложных событиях первой половины XIX века, внес весомую лепту в создании спокойной обстановки в Младшем жузе. Его служебная карьера, во многом зависящая и от позиции Оренбургского начальства, и от чингизидской среды, в целом поражала современников.

В 1847 году султан-правитель Западной части Баймухамед Айшуаков утонул вразлившемся Илеке. Большая часть казахов сохранила о нем не очень хорошую память, хотя и боялась его как сильного человека и притворно уважала его [8, 69].

История необратима, она состоялась вне зависимости от наших мироощущений и желаний. Задачей историков, высказывающих свою точку зрения относительно событий минувших веков, является беспристрастно осмыслить и показать такие сложные вопросы, какими представляются истоки, основные вехи национальной государственности, нуждающихся в более глубоком профессиональном проникновении в сущность исторических явлений.

Список литературы

1. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – 342 с.
2. ЦГА РК, ф.4. Оп.1. Д.2319.Л.1-4.
3. ЦГА РК, ф.4. Оп.1. Д.2303.Л. 65-74.
4. Валиханов Э.Ж. Кенесары. – М.: Молодая гвардия, 2004. – 232 с.
5. ЦГА РК, ф.4. Оп.1.Д.2939.Л.5.
6. ЦГА РК, ф. 4, д. 1616, лл. 2-10.
7. Касымбаев Ж.К. Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуаков. – Алматы, 2000. – 188 с.
8. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 288 с. – С.42-43.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДЫҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Өтеген Ихсанұлы Исенов

тарих ғылымдарының кандидаты

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Қазақ тарихының негізгі проблемаларының бірі – қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік құрылымының проблемасының тарихы, оның тарихының алғашқы кезеңдерінің зерттелуі, орта ғасырлық қазақ хандығы тұсындағы және жаңа заман кезеңіндегі дәстүрлі хандық билік институты жойылғаннан кейінгі қазақ қоғамының оның ішінде этностық, саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы мен қазақ халқының әлеуметтік рухани мұрасының зерттелу проблемасы болып табылады.

Қазақ халқының мемлекеттігі болған деп жазған тарихшылар: Т.Сұлтанов, К.Нұрпейісов, Ж.Қасымбаев, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев,

К.Есмағамбетов, Х.Әбжанов, Б.Кәрібаев, Т.Омарбеков М.Әбусейтова, Н.Бекмаханова И.Ерофеева, З.Қинаятұлы, Х.Табылдиев, А.Күзембайұлы, Ж.Артықбаев, Ә.Мұқтар, т.б. Аталған ғалымдардың бәрі қазақ халқының саяси-әлеуметтік құрылысын мемлекет деп таниды және Қазақ хандығының көшпелілер мемлекеті болғандығына, оның бір құрылымдық элементі отырықшылық екеніне күмән келтірмейді. Мәселен, академик М.Қозыбаев мемлекет ұғымына былай деп анықтама жасаған: «Мемлекет дегеніміз – ел мен жердің құрыштай мызғымас бірлігін бейнелейтін әлеуметтік құбылыс.

Мұндағы әр түрлі әлеуметтік қабаттардан тұратын халықты үстемдік пен бағыныштылық яки билік жүйесі біріктіреді. Тиянақты шекараның болуына, биліктің жоғары сатысында сайланбалы немесе мұрагерлік жолмен тиісті өкілдіктің – ханның немесе қаһанның болуына, мемлекеттік институттардың – армияның, дипломатиялық мәдени орталықтардың болуына байланысты мынау ұлан-байтақ алып далада мемлекеттік құрылымдар – тайпалық одақтар, қағанаттар Еуропадан ерте пайда болды деп айтуымызға негіз қалайды» [1, 20].

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастары тарихы хақында қалам тартқан академик Е.Бекмаханов: «Қазақстандағы әлеуметтік қатынастарға талдау жасағанда жекелеген феодалдық институттардың қандай өзгерістерге ұшырағандығын және біз назар аударып отырған кезеңде қазақтардың қоғамдық өмірінде сол өзгерістердің қандай орын алғандығын анықтаудың маңызы өте зор. Мәселені бұлай қарастырмайынша, жекелеген феодалдық институттардың таптық және әлеуметтік мәнін ашу мүмкін емес» [2, 76]. – десе, Мәскеу университетінің профессоры, белгілі тарихшы И.Ковальченко қоғам дамуының көне заманнан бүгінге дейінгі тарихын нақтылы зерттеудің ғылыми маңызы барын алға тарта отырып, әсіресе, қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді бүгінгі әлеуметтік саясат жүргізу барысында тиімді пайдаланса, қаншама қателіктерге жол берілмес еді [3, 57- 60], – деген ғылыми тұжырымын алға тартты.

Әр халықтың тарихында мемлекеттігінің, әлеуметтік институттарының жүйесінің және оның даму ерекшелігін сипаттайтын құрылымдар болады. Қазақ халқының мемлекеттік дамуы мен дәстүрлі ұлттық болмысын айқындайтын ерекшеліктердің бірі – дәстүрлі қазақ қоғамының билік институты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Институттанған ахуал дегеніміз тарих толқынында емін-еркін ниет танытып отырудың абсолютті қажеттігін сезінген халықтың ішкі әлеміндегі терең өзгерістерді сырттай тіркеп отыру ғана емес. Мемлекеттікке негіз салып берген халық ел ішіндегі ахуалдың бүгінгі мен болашағы жолындағы жауапкершілікті арқалауға да дайын болуы керек» [4, 54-55], – деуі дәстүрлі әлеуметтік институттардың құрылымын зерттеуде дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының тарихының тағылымының маңызын білдіреді.

Дәстүрлі қазақ қоғамы әлеуметтік институттар жиынтығынан құралды. Оның басында хан, уәзір, би, батыр, ақсақалдар отырды. Олар дәстүрлі қазақ мемлекеттігімен ел бірлігі, жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жұмыс атқарды. Ар, намыс, ұят, әділдік сияқты қасиетті ұлттық мұраттар жолынан таймауды қатаң ұстады. Қазақстан Ресей империясының қол астына қараған шақта, қазақ қоғамының дәстүрлі хандық билік институтымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік институттарының құндылықтарын патша үкіметі қолдан жасаған саяси реформалар арқылы дағдарысқа ұшыратты.

Патша үкіметінің билігінен кейінгі кеңестік кезеңде қазақ мемлекеті мен дәстүрлі қоғамдық құрылымы бүлінді. Қазақ халқының бетке ұстар тарихи тұлғалары мен тектілерінің бетіне күйе жағылып, ары тапталып, еңбектері жойылды. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі кейінгі ұрпаққа «хан-қарақшы, би-парақор, батыр-барымташы, байпасық» деп түсіндірді. Сөйтіп, қазақ тарихындағы қасиетті хандар мен білікті билердің, хас батырлар мен оғландардың, мырзалар мен үлгілі байлардың есімдері тарихтан біржолата сызылып, аттары өшірілді. Мұның бәрі әділетсіз қоғамның қазақ ұлтының тарихын Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі идеологиясына жат кереғар тарих деп тануынан туындаған жөнсіз зорлықпен әбден саясаттандырылған тарихқа айналдырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі қоғамдық-саяси ұйымдасу формалары туралы сөз еткенде, оның бірлігіне негіз болған әлеуметтік топтардың институциялануы туралы мәселе әлі күнге дейін отандық тарих ғылымында өзекті мәселелердің бірі екендігіне көз жеткіземіз. ХХ ғасырда қоғамдық ғылымдарда «институт» ұғымын зерттеу категориясы ретінде кеңінен пайдалана бастады. Институт (от лат. Institutum – установле-

ние) – көптеген теорияларда адамдардың іс-әрекетінің әр түрлі салаларын реттейтін және оларды рөлдер мен статустар жүйесіне айналдыратын тұрақты ережелердің, нормалардың және ұстанымдардың кешенді жиынтығы ретінде қаралады.

Институционалистер институттарды зерттеу қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде тарих ғылымының да басты міндеттерінің бірі деп есептейді. Институт ұғымын ғылыми зерттеу категориясы ретінде қалыптастыра отырып, олар оны белгілі-бір идеялармен белгілі-бір қызметті атқару үшін біріккен адамдардың бірлестігі, мінез-құлықты және әлеуметтік қатынастарды қалыптастыратын әлеуметтік рөлдердің жүйесі ретінде қарастырады.

Бүгінде Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып егеменді ел болғалы заңда, заман да түпкілікті өзгерді. Қазақ тарихы ақтандақтан арылып, тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан қайта жазылуда.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ халқының этномәдени тұтастық ретінде сақталуы – тікелей рулардың этноұжымдық жадының арқасы. Әрбір қазақ арқылы, олардың «МЕН» дегізерлік жеке басы арқылы жүзеге асқан осынау «этнологиялық жетігу» операциясы қазақ халқының және оның тәлкекке түскен тарихи тағдырының мәжүбірлі қажеттілігі болған.

Қазақ халқының институттанған болмысы қатерлі шекке дейін құлдыраған. Бұл сияқты қауіпті кезеңде ұлттық-мәдени өзін-өзі сақтау институтының қызметін ұзақ уақыт бойы ру институты атқарды» [4, 46], деген болатын.

Әділдік орнады. Әбілқайыр, Абылай, Кенесары сияқты ұлы хандардың, Табын Бөкенбай, Қабанбай, Арғын Жәнібек, Тама Есет, Керей Тұрсынбай, Арғын Бөгенбай, Баян, Арғын, Малайсары т.б. хас батырлардың есімдері мен мемлекеттік қызметтері туралы шынайы тарихы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында халық игілігіне айналды. Дегенмен қазақ хандық дәуірлеріндегі саяси-әлеуметтік қоғамдық құрылыс, шаруашылық, экономика және мәдениет саласындағы құрылымдық жүйелері, олардың қызметі мен қоғамдағы орны туралы көп жай әлі толық айтылып болған жоқ. Мұның ел тарихы үшін өзекті мәселе екендігі ешбір күмән туғызбайды. Өйткені саяси-әлеуметтік қоғамдық құрылым бірнеше ғасырлар бойы қазақ мемлекетінің дәстүрлі билік институттарының жүйесін сақтап қана қойған жоқ, оны ілгері дамытты, қазақ хандығы бірлігі де, тірлігі де нық іргелі ел болды. Қазақ мемлекеттік, әлеуметтік, қоғамдық құрылымдар мен жүйелерінің тарихын арнайы зерттеулер арқылы таныту өзекті болып қала береді.

Тарихымызды тану туралы алаш ардақтысы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан: Тарих дейтін бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ілім. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп айтады. Бұл заманның ғалымдары тарихты ең оңды мұғалім деп түсінеді.

Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітабы. Тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатығынына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кім қор болмайын, тұқымы құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады [5, 375-376], – деген өсиеті бүгінде өзінің мәнін жойған жоқ.

XIX ғасырда патша үкіметі тұсында қазақ халқының тарихы мен сол кездегі жай күйіне деген ынта-ықылас қазақтар туралы жалпы еңбектердің пайда болғанын көрсетеді. С.Броневский, В.Вельяминов-Зернов, А.Гейнс, Л.Мейер, И.Казанцев, Н.Зеланд, Р.Игнатъев, Н.Гродеков, П.Румянцев және тағы басқалардың еңбектері солардың қата-

рына жатады. Олардың еңбектерінде қазақтар туралы олардың тарихынан, әлеуметтік құрылымынан, тұрмысынан, рухани өмірінен, салық төлеуі мен әдет-ғұрпынан бастап алуан түрлі тарихи деректік мәліметтер дәстүрлі қазақ қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік-құрылым мен қоғамдық жүйесінің тарихын да қамтыған.

1917 жылдан кейін отандық тарих проблемаларына ден қою арта түсті. Бұл тұрғыда көптеген еңбектер ішінен Т. Рысқұлов, Х. Досмұхамедов, П.Г. Галузо, С. Мендешев, Ғ. Тоғжанов еңбектерімен басқа да еңбектерді атап өтуге болады.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамында әлеуметтік институттар мен олардың қоғамдық рөлі хақында кеңестік үкімет дәуірінде бірқатар бағалы пайымдаулар мен ғылыми тұжырымдар жасалған ғылыми еңбектер жарық көріп, отандық тарих ғылымына тың серпіліс алып келген еді. Олардың арасында Е. Бекмаханов, М. Вяткин, С. Аманжолов, С. Толыбеков, С.Л. Фукс, т.б. тәрізді ғалым – зерттеушілердің еңбектері айрықша назар аударуға тұрады.

Е. Бекмаханов, М. Вяткиндердің ізімен С. Зиманов мол мұрағаттық, деректер және нарративтік шығармалар негізінде «сұлтан», «би», «тархан», «старшын», «бай», «кедей», «шаруа», «жатақ», «кұл», «төлеңгіт» тәрізді дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы жүйесіндегі әлеуметтік топтарға ғылыми талдау жасап, олардың қазақ қоғамының саяси билік жүйесіндегі және экономикалық өмірінен алатын орнын біршама тиянақты түрде зерделеді [6, 184-287].

Барлық әлеуметтік иерархияның ең биігі хан атағы берілген адам еді. Тек сұлтанды ғана хан жариялауға болатын. Ғұрыпқа сәйкес хан атағын алатын тектің үлкенінде басымдық құқық болған.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан билігінің сипаты орта ғасырлардағы деректемелерде ханның құқықтары мен міндеттері мынадай:

1. Билік етуші әулеттің басшысы және барлық қазақ тайпаларының жоғарғы сюзерені ретінде ханның бүкіл хандық аумағына, ұлысқа қарасты барлық жерге жоғары дәрежеде билік ету құқығы, оның негізгі қызметі мен басты міндетінен – елді сыртқы жаулардан қарумен қорғауынан туындайтын құқығы болды.

2. Соғыс жариялау және бітім жасау құқығы тек ханға ғана берілді, мұның өзі әскерлердің жоғарғы басшысы міндетінен туындайтын еді.

3. Ханның шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізуге жоғарғы дәрежеде құқығы болды, мұның өзі мемлекеттің сыртқы саяси бағытын белгілеу міндетінен туындайтын.

4. Ханда өзіне бағынышты өлтіру немесе тірі қалдыру құқығы – оның жоғарғы билік міндетінен туындайтын құқығы болды. Ханның бұл құқығы мен міндеті қазақтардың «Жеті жарғы» құқық нормаларында айқын көрсетілген.

5. Содай-ақ ханда заңдар және қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті бұйрықтар шығару құқығы – оның сол кездегі қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтау міндетінен туындайтын құқығы болды [7, 534-535].

1749 жылы Ресей патша үкіметінің жарлығымен Кіші жүзде хан тағайындалған Нұралы Әбілқайырұлы (1749-1786 жж. билік құрған) тұсынан бастап дәстүрлі қазақ қоғамының саяси билігіне патша үкіметі араласа бастады [8, 151].

Дәстүрлі билік хандық институты әлсіреп, қоғам өмірінің алдыңғы қатарына сыртқы жаудан қорғану, патша үкіметі тарапынан жүргізілген қазақ даласын кеулей отырып отарлау мен басып алу саясатына қарсы тұру жағдайында, әрине, батырлар институты тек әскери ғана емес, сонымен қатар саяси елдік мәселелерге де араласа бастағаны [9, 111] дәлелденген болатын.

Айтылған жәйттерден шыға отырып, XVIII-XIX ғғ. дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында хан-сұлтандар, би-батыр, тархандар институты тәрізді әлеуметтік топтар іс жүзінде қолына бүкіл ішкі саяси-әлеуметтік билік тетіктерін шоғырландырған және нақты іс-әрекетке қабілетті бірден-бір қоғамдық институт рөлін атқарды деуге толық негіз бар.

Мұның кезекті дәлелі ретінде халықтың ауызша тарих айту дәстүрі туындыларын кеңінен тарта аламыз. Мәселен, ескінің жолын жергілікті ру-тайпа игі-жақсыларының ықпалына шек қоюға, сөйтіп хан билігін нығайтуға ұмтылғаны белгілі⁹. Бұл туралы Ш. Уалиханов: «Қазақта Абылай тәрізді шексіз билікке ие болған хан болған емес. Рубасылар мен сұлтандардың еркіндігін тыйып, өз бетінше дербес билік етуге қол жеткізгені былай тұрсын, ол бұрын халық жиналысының құзырына қарайтын өлім жазасына кесу құқығын өзіне таңып алған алғашқы хан» [10, 111]. – деп жазған болатын.

XVIII ғ. ортасына қарай қазақ даласындағы хандық биліктің патша өкіметінің қазақ жерлеріне дендеп кіре бастағанына қарсылық білдіре алмауына байланысты Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс басталғаны белгілі. Патша өкіметі мұны өз пайдасына жаратып қалуға ұмтылды да, 1786-1787 жж. Кіші жүзде дәстүрлі билік хандық институтты жою мақсатында «Игельстром реформасы» жүргізіліп, алайда, «Игельстром реформасы» сәтсіздікпен аяқталып, 1791 жылы Кіші жүзде хан билігі аз уақытқа қалпына келтірілгенмен, дәстүрлі би институтын қалпына келтіру мүлдем мүмкін болмай қалған еді.

XVIII ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында біршама уақыт маңызды орын алған тархандық институт, Ресей патша өкіметі тарапынан енгізілген, дәстүрлі әлеуметтік қазақ қоғамының ұлттық рухы батырлар мен билер институтын жою мақсатында және дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымын патша үкіметінің әлеуметтік институттарын енгізу арқылы жергілікті жерде сенімді патша үкіметінің шенеуніктерінің институтын құрмақ болған патша үкіметінің қазақ қоғамындағы орта ғасырлық тархандар институтын қайта жаңғырта өздерінің отаршылдық мүдделеріне пайдалану мақсатында иерархияға дәстүрлі қазақ қоғамына тархандар институтын енгізіп, қазақтың белгілі батырлары Арғын Жәнібек, Тама Есет т.б. батырларға тархан атағын бере бастады [11, 111-106]. Ресей патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қырғыздарының жарлығын», 1824 жылы «Орынбор қырғыздарының жарлығын» енгізген патша үкіметі Орта жүздегі және Кіші жүздегі дәстүрлі хан билігі институтының дағдарысын қолдан жасады. Реформа бойынша қазақ қоғамының дәстүрлі би институты Ресей әкімшілік жүйесіне орайластырылып, ендігі жерде билер ру сотының төрағасы рөлін ғана атқарып қалды [12, 26-29].

Қорыта келе айтпағымыз, Қазақ қоғамының дәстүрлі саяси-әлеуметтік құрылымының жүйесі қазақ мемлекеттігі мен алты алаштың бірлігін сақтай отырып, оны ілгері дамытуға қызмет еткендігі зерттеулер нәтижесінде дәлелденді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қозыбаев М. Қазақ мемлекеттігі тарихының кейбір мәселелері. //Ақиқат, 1997. – №2, – (18-25 бб.).
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40 жылдарында – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.
3. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – Москва, 1987.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
5. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Т.3. – Астана – Сарыарқа БҰ, 2009.
6. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата, 1958.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.2. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.
8. Сабырханов А. Исторические предпосылки ликвидации ханской власти в Казахстане (на материале Младшего и Среднего жузов). //Казахстан в эпоху феодализма (Проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата, 1981. – (С. 150-155.).
9. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата, 1960.

10. Валиханов Ч.Ч. Аблай. Собр. Соч. – Алма-Ата, 1985. Т.4.
11. Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі.: Оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2010. – 207 б.
12. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы, 1994.
13. Материалы по истории Казахских ханств. XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алматы: Наука, Казахской ССР, 1969. – 650 с.
14. Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Автореферат. – Алматы, 2010. – 44 б.

ЖАҢАРҒАН ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ – ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Гүлбаршин Спанқызы Конкина

философия ғылыми кандидаты, доценті

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Арқалық қ., Қазақстан Республикасы.

Минар Сапарқызы Амрина

тарих ғылыми кандидаты, доценті

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Еліміздегі болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени жаңғыртулар жүйесінің қадамы мен қиындықтары ұлттық ахуалға да қатысты. Онда жаңа қоғамдық қатынастар халқымызға тиісті рухани-психологиялық құндылықтар әкелуде. Бұл құбылыстың өзіндік ерекшелігі тұрғысында мынадай түйін бар: «Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр... Біз бұрынғы ойлаудың құрсауынан, әлі өтпеген жолдан қорқудан бас тартуымыз қажет. Жалпы алғанда біз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсінуіміз қажет. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз мынада: бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттікті құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырған емес» [1, 32].

Осы процеске түрлі талдау жасаушы американдық белгілі саясаттанушы С.Хантингтонның болжамы бойынша, келешекте «... ғаламдық аумақтағы аса бір айта қаларлықтай қақтығыстар әртүрлі өркениеттерге жататын ұлттар мен топтар арасында туындайтын болады». Әрмен қарай ол былай деп көрсетеді: «қырғи – қабақ соғыстың» аяқталуымен бірге халықаралық саясаттың батыстық кезеңі де аяқталды. Батыс пен батыстық емес өркениеттердің өзара іс – қимылы, сондай – ақ батыстық емес өркениеттердің өздерінің арасындағы қарым – қатынастар оның өзегіне айналуда [2, 18].

Әрине, батыстық және батыстық емес өркениеттердің өзара іс – қимылы, біздіңше, Қазақстан секілді көп ұлтты елдегі ұлтаралық қарым – қатынастар мәдениетінің мазмұнына белгілі бір ықпал жасап отырғаны анық; мұнда батыстық (дәлірек айтқанда – славяндық – православиелік) және шығыстық (дәлірек айтқанда – исламдық) өркениеттер іс – қимылдарын айқын біріктіріп отыр.

Кеңестік жүйенің ыдырауына байланысты Орта Азия республикалары мен Қазақстанда қайта исламдандыру күш ала бастады. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық қатынастың, ең алдымен орыстар және түркі тілділер арасындағы қатынастың мәдениетіне белгілі дәрежеде әсер етпек. Бұл жерде ескеретін бір жайт, соңғыларында батыстық болмысқа қарсы тұру құлшынысы күшейе түсуде. Тағы бір ескеретін мәселе бұрынғы кеңес халықтарының этнопсихологиялық мәдени – діни айырмашылықтары бола тұра, сонымен бір мезгілде оларда, экономика саласындағы секілді, мәдениет саласында да ортақ нәрселер көп болатын.